

АЙҚЫН

АХМЕТ ЯССАУИ ТҰЛҒАСЫН ТАНИ АЛДЫҚ ПА?



Бірінші сөз

Он екінші ғасырда қазақ топырағында өмірге келіп, артына мол мұра қалдырған Ахмет Яссауиды қай қырынан таныған жөн? Біз оның есімін неліктен құрметпен атауға тиіспіз? Көне шаһар – Түркістанда атағы жер жарған қолбасшы Әмір Темір нендей себеппен зәулім кесене салып, сопы-шайырға ерекше құрмет көрсетті?

Қазақ елінде ислами ілімді негіздеп, қалыптастырған бабамыздың сан қырлы талант жайлы әлі күнге толық дәйектеп айта алмай келеміз. Егер айтқан болсақ, жеткілікті деңгейде айтпадық. Оның бар еңбегіне баға берерде тек дін өкілі дәрежесінде қарастыру,

әрине, артық әңгіме емес, бірақ бұл бағалау біржақты болып шықпас па! Ахмет, ең алдымен, ірі философ! Сосын – теңдессіз шайыр! Сосын – ғалым, ағартушы, ұстаз! Ахмет бабаның бөлекше таңбалап, оқшаулап айтар ұлы еңбегі – ол түркінің (қазақтың) ежелден келе жатқан салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарын кейбір дін өкілдері секілді жоққа шығарып, дереу күресінге лақтыруға ұмтылмады, қайта оларды қасиетті Ислам дінінің сүзгісінен өткізіп берді. Дін мен дәстүр сабақтастығын негіздеп, екеуін алтын көпірмен жақындастырып-жалғады, араларына мықты да мызғымас байланыс орнатуға көп күш жұмсады. Бұл – ол замандарда ұлы ерлікке пара-пар! Парасаттың ең биік шыңы десек те артық емес...

Екінші сөз

Баба Ахмет, таразылап байқасақ, өз өмірінде адамзат айта жүрер бірнеше ерлік жасаған. Соның бірі – Құран Кәрімді әуелі түркі тіліне аударып, содан соң шәкірттеріне түсіндіріп-оқытуы. Мұндағы мақсат – сол уақыттағы араб тілін бойына толық сіңіре алмай отырған қандастарына жағдай жасап, қасиетті кітаптың маңызымен емін-еркін сусындату болатын. Солайша, Құранға құрмет сезімін ояту, Ислам дінін одан бетер жалпақ жұртқа жақындата түсу. Оны, әрине, өз заманында дұрыс түсіне алмағандар да кездесті. Сосынғы ерлігі – өзі жазған «Диуани хикметті» (ақыл кітабы) түркі тілінде түзіп, онда Аллаға, дінге, Мұхаммед пайғамбарға мадақ сөзін кестелеп жеткізген. Ең бастысы – бұл еңбек қара халық үшін оқылуға оңай болды ол кезде. Бар халыққа түсінікті еді. Тіпті мынадай да дерек бар: Бір кездері Әзірет Сұлтан кесенесіне мінажат етіп келген барша түркі баласы ара-тұра абыз Ахмет хикметтерін де жатқа айтады екен. Бабамыз, әрине, өз дәуірінде араб тілін де, парсы тілін де жетік меңгерген. Тіпті барлық жазба мұраларын сол жалпыға түсінікті тілде түзсе де қабілет-қарымы жетер-ді. Бірақ олай еткен жоқ, өзінің төл тілін бәрінен жоғары қойды, соның мерейін тасытты. Міне, осылайша ол жергілікті тілде (шағатай тілі дейміз бе, әлде көне түркі тілі дейміз бе?) жазу жазудың алғашқы бастамаларын бастады, тіпті өлең түзуге де болатынын өз туындыларымен дәлелдеп көрсетті. Әттең дейсің, бабамыз қасиетті хикметтерін тек араб не парсы тілінде өрнектеп жазғанда, осы кезде атағы жер жарған әйгілі шығыс шайырларынан бірде-бір кем түспес еді-ау, ә! Қазіргі қиындық – әлі күнге баба мұраларын өз тілімізге көркем қалпында аударып бере алмай келе жатқанымыз.

Үшінші сөз

Жан-жақты ғұлама бабаның басқа философиялық еңбектерін былай қойғанда, неліктен ақын, шайыр деп танығымыз келмейді? Неліктен дін өкілі, оның ішінде сопылық ілімді насихаттаушы деумен ғана шектеліп жүрміз? Тым қысқа, келте қайырып келе жатқандаймыз. Оның «Диуани хикмет» деген еңбегі исі қазаққа, қазақ қана емес, бүкіл түркі жұртына ортақ қазына. Әйгілі шығыстанушы

Е.Бертельс былай деп жазған: «Оның (Яссауидің) жырлары күні бүгінге дейін қазақ даласынан Кіші Азияға дейін кеңінен тараған фольклорлық лириканың түрлерімен сырттай ұқсас болып отырады. Бұл ерекшелікті сопылық әдебиетте алғаш рет Яссауи бастап тұрақтандырды. Осыдан кейін өзге елдердің дәруіштік поэзиясында да бұл үрдіс жалғасын тапты, сөйтіп жазба поэзия мен фольклордың байланысы бұдан былай жаңа сипат ала бастады».

Төртінші сөз

Ұлы бабамызды тұңғыық білім теңізіне жетелеген ең алғашқы ұстазы – әйгілі Арыстан бап делінеді. Арыстан бап кім? Ол кісі жайынан тарихи түзілімдерде тамсана жазып, аңыз адамға айналдырып, 500 жыл жасаған деген түйін жасалып келгені де рас. Дәлірегі – Арыстан баб Ахметтің әкесі Ибраһим атамен туыс болып келетіндігі. Екеуі де бір деректер бойынша Ілияс бабадан тарайды екен, жастары да қарайлас болса керек. Ибраһим атаның Гауһар-Шахназ және Ахмет деген екі перзенті болған. Бала жеті жасқа келгенде Арыстан баб әулие оны өз медресесіне оқытуға шақыртады. Испиджабтан жас шәкірттің балаң арманына қанат байлап алып келуші – Гауһар-Шахназ! Міне, сосын да Арыстан баб әулие ол үшін өмірлік ұстаз болып қала берген. Өзі ержетіп, Көгелташ медресесінде білім шыңдап, ұстаздық етіп, көп уақыттан соң елге оралғанда Арыстан бабтың бір талапты ұлын жанына сенімді шәкірт етеді, тіпті өзінен кейінгі дәріс үйретуші ретінде абыройын асқақтатып, елге жақсы қырынан танытады, білімді перзент екенін қалың жұртшылыққа паш еткен. Бұл – ірі ғұламаның кешегі ұстазы алдындағы мінажаты, ізеті, құрметі! Осы ісі арқылы Ахмет текті, ел ішінде өте көргенді әрі инабатты кісі болып, ықыласқа бөленген. Содан да болар, өз заманында Ақсақ Темір Әзірет Сұлтан кесенесін салдыруға ниет қылғанда, түн ішінде көк өгіз келіп қаланған қабырғаларды құлатып кетпеуші ме еді! Осының бәрі де ел арманы, халық қалауы, жұртшылық ықыласы деп білген ләзім! Демек, бұдан былайғы жазбаларда Ахмет Яссауи есімі мен еңбегі жеке-дара емес, Арыстан баб әулиемен бірлестікте қарастырылса, нұр үстіне нұр!

Бесінші сөз

Абыз атаның соңында ел айта жүрер талай-талай өнегелі де өрнекті нақыл сөздер қалған екен. Соның бірінде былай депті: «...Іші қулыққа толының, көкірегінде ар-ұяты жоқтың жүрегі дірілдемейді!». Тағы бір өсиет сөзінде былай деген: «Ниетсіз, құлықсыз, құштарлықсыз, қиналыссыз сөздің салмағы да жоқ!» Ойландыра ма?

Алтыншы сөз

Ойшыл бабамыздың соңында қаншама ақылға салмақ салар парасатты пайымдаулар қалды десеңізші! Мұндай ұлағаты мол ұлық сөздерін асылдай ардақтап, кім жинап жүр екен деп ойға қаласың кей сәттерде! Ол кісі былай дейді: «...Аяқ-қолыңды жерге түсірмей, тоқтамай мақтағандарға аса қуанба!» Тағы да айтқан: «...Парықсыздар өздері жақсы-жаманның не екенін білмей жатып, мәнсіз-мағынасыз біреулерді жер-көкке сыйғызбай мақтайды!». Бұл түйіндеулерін сонау он екінші ғасырда айтып кетіпті.

Жетінші сөз

Бабаның ең елеулі де күрделі мәдени мұрасы – «Диуани хикмет». Осы құнды еңбектің ең көне нұсқасы қайда сақталған? Қанша нұсқасы бар? Қай елдегі нұсқасы ең көне болып саналады? Зерттеп-зерделеп жүрміз бе осыны? Тағы бір ойландырар нәрсе, бабамыз неге хикметтер жазған? Неге басқа шайырлар секілді ғазалдар шығармаған? Хикмет пен ғазалдардың айырмасы бар ма? Бұны түбегейлі сөз етіп, түбірлеп зерттеген кім бар? Қазақ осы саланы саралап, жүйелі түрде қолға алды ма екен? Осы орайда соңғы бірер жыл көлемінде көзім түскен бір салиқалы сұхбатқа риза болғанымды айта кеткім келеді. Оның авторы – журналист Айгүл Уайсова қарындас! Ал сұхбат беруші – көкірегі ашық білікті ғалым,

шығыстанушы Төрәлі Қыдыр! Төрәлі мырзаға неге разымын? Өйткені ол бұрынғы бос, көпірме сөздерден саналы түрде қашып, Ахмет Яссауи бабамыздың бізге керек ең құпия қырларына барынша ене түсіпті. Ойымызда жүрген жайттарды қозғапты. Оның айтуынша, дана баба саналы түрде басқалар секілді ғазалдар жазбаған, бізге жетіп отырған осындай төгілісі бөлек хикметтерді дүниеге әкелген! Құран Кәрім мен хадистерден соң, осы хикметтер кезек алады екен. Бұл – мейлінше дұрыс бағалау!

Түйін сөз

Ата тарих алдында қолымызды кеудемізге қоя сөйлесек, Ахмет баба жайындағы, оның артында қалған мол мұралары турасындағы әңгіме ешқашан түгесілмек емес. Абыз Ахмет бір жазбасында: «...мен ең бірінші – түрікпін, содан соң – мұсылманмын...» деп атап көрсетіпті. Ойландыра ма? Сөз ретіне қарай айта кетелік, қалың қазақ ішінде абыз баба туралы ертелі-кеш ой толғап, көркем дүниелер жазуға талпынған қаламгерлер де аз болмаған. Айталық, өткен ғасырдың 50-жылдары Асқар Тоқмағамбетов «Әзірет Сұлтан» деген пьеса жазып, онда дін өкілінің бейнесін юморлық элементтермен астастыра сомдауға тырысыпты. Одан бергі кезеңде де көптеген ақын Ахмет Яссауиге жыр арнады, өлеңмен биік бейнесін өрнектеуге талпынды. Көзі тірісінде бір әңгіме үстінде аса дарынды драматург Қалтай аға Мұхамеджанов былай деп еді: «...Соңғы он бес – жиырма жыл бойына әулие Ахмет туралы деректер жинастырып, драма жазбақшы болдым, бірақ соған еш батылдығым жетпеді...» Міне, бұл ұлы ұстазға деген өзгеше құрмет, ерекше тағзым десе де болғандай.

Жолтай Жұмат-Әлмашұлы